

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 708 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 832 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 қаңтарда № 12844 болып тіркелді.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.03.2022 № 72 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.03.2022 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 85-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 141-бабының 4-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.02.2023 № 30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес балалардың демалуына, сауықтырылуына және бос уақытына құқығын іске асыру бойынша білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес арнайы білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы бекітілсін ;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты баланың құқықтарын қорғау саласындағы тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.02.2023 № 30 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 28.06.2024 № 163 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 28.06.2024 № 48 (01.08.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2. "Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 419 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 488 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11868 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 24 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (А. Мәкенова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны он күн мерзімде баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е. Иманғалиевке жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
_____ А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика Министрінің
міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті
201_ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
міндетін атқарушы
201_ жылғы "___" _____

_____ С. Айтпаева

_____ Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
201_ жылғы "___" _____

_____ Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 708 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 832 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару
өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 28.06.2024 № 163 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 28.06.2024 № 48 (01.08.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы тәуекелдерді бағалау және басқару өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарын, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдарын, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, демалыс, сауықтыру және демалыс ұйымдары, арнаулы білім беру ұйымдарын іріктеу үшін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 3-тармағына сәйкес субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу (бұдан әрі - Кодекс) және тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Субъективті өлшемшар жөніндегі тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

4. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемдер бойынша бақылау субъектілері (объектілері):

1) жоғары тәуекел дәрежесіне жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, арнаулы білім беру ұйымдары, балалардың демалуға, сауықтыруға және бос уақытын өткізуге құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдар, интернаттық орта білім беру ұйымдары, мектепке дейінгі білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жатады;

2) орташа тәуекел дәрежесіне девиантты мінез-құлқы бар және ерекше ұстау режимі бар балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдары жатады;

3) төмен тәуекел дәрежесіне интернаттық білім беру ұйымдарын қоспағанда, орта білім беру ұйымдары жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

6. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

7. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) жүргізілген алдыңғы тексерулердің және бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері.

8. Талаптарды бұзу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес айқындалады:

1) жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі;

2) девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі;

3) орта білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі;

4) арнайы білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі;

5) балалардың демалуға, сауықтыруға және бос уақытты өткізуге құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдардың талаптарды бұзу дәрежесі;

6) мектепке дейінгі ұйымдардың талаптарды бұзу дәрежесі;

7) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі.

9. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

10. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша (SC) субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

11. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 7-тармағына көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда:}$$

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

13. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R –жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғары ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$ – осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Баланың құқықтарын қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Жергілікті атқарушы органдардың баланы ұйымдарға жіберу туралы шешімдерінің болуы (бұйрық, қаулы және басқалар)	елеулі
	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға	

2	арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің тұрмыстағы тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің бар болуы (оңалту және емдеу, білім беру, мәдени іс-шаралар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына, тұрмыстық бағдарлау негіздеріне оқыту үшін жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықпен жабдықталған тұратын жердің, үй-жайлардың болуы; киім, аяқ киім және жұмсақ инвентарь ұсыну; көліктік қызмет көрсету; тұрмыстық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету; қажетті жабдықтармен кәсіби өзін-өзі анықтау және шығармашылық еңбек үшін жағдай жасау; ақыл-ой, эмоционалдық, рухани және дене бітімінің дамуына ықпал ететін отбасылық жақындатылған қолайлы жағдайлар беру)	елеулі
3	Медициналық-әлеуметтік тексеру өткізу және ұйымдастыру; денсаулық жағдайын ескере отырып күтімді қамтамасыз ету; консультациялық көмек көрсету, әлеуметтік-медициналық сипаттағы профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізу	елеулі
4	Әлеуметтік-психологиялық патронаж психологиялық кеңес беру, психологиялық көмек көрсету; психологиялық жай-күйін түзету	елеулі
5	Дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, педагогикалық түзету мен оқытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің болуы	елеулі
6	Дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, түзету-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуді, білім алуға жәрдемдесуді растайтын құжаттардың болуы	елеулі
	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында заң консультациясының болуы, заңды	

7	маңызы бар құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету, қорғаншы және қамқоршы органдарға балаларды отбасына орналастыруға, оның ішінде асырап алуға, қорғаншылыққа, патронатқа, қамқоршылыққа алуға жәрдемдесу	елеулі
8	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығын-сыз қалған балалардың өздеріне тиесілі алименттерге, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығының сақталуын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
9	Тәрбиеленушілердің алименттерден, жәрдемақылардан түскен қаражаттарын және басқа да әлеуметтік төлемдерін банк шоттарынан алуға тыйымның сақталуы	өрескел
10	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығын-сыз қалған балалардың тұрғын үйі болмаған жағдай-да, оны алуға құқығын сақтау үшін құжаттардың болуы	өрескел
11	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда тұрғын үйінің бар екені анықталған жағдайда тексерілетін тұрғын үйде тіркелген адамдарды, сондай-ақ нақты тұратын адамдарды көрсете отырып, тұрғын үйдің техникалық , санитариялық жай-күйі туралы актінің болуы	өрескел
12	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда тұрғын үйінің бар екені анықталған жағдайда әрқайсысының ерекше белгілерін көрсете отырып, тұрғын үйдегі мүлік тізімдемесінің болуы	өрескел
13	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін жалға (жалдауға) беру туралы үлгілік шарттың болуы	өрескел
	Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз	

14	қалған балалардың тұрғын үйін жалға (жалдауға) беруден түскен қаражатты аудару үшін балалардың банктік шоттарының болуы	өрескел
15	Тұрғын үйдің жай-күйі, осы тұрғын үйге қатысты жүзеге асырылатын іс-әрекеттер туралы мәліметтерді қамтитын қамқорлыққа алынушының тұрғын үйін басқару жөніндегі есептердің (кемінде алты айда бір рет еркін нысанда) болуы	өрескел
16	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын орындауы (педагог атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермейді, өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды, еңбек тәртібін сақтайды, қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді, өзінің педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады), (өтініштер болған кезде тексеріледі)	елеулі
17	Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды тұлғасының тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы (өтініш болған жағдайда тексеріледі)	елеулі
18	Білім беру ұйымы бекіткен алқалық органдардың (педагогикалық, қамқоршылық кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы	елеулі
19	Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдарды білім беру ұйымдарына жұмысқа жіберу фактісінің болуы	елеулі
	Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының	

20	педагогтерін қоспағанда, педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыруды (растауды) кемінде бес жылда бір рет сақтамауы	елеулі
21	Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, біліктілікті арттыру педагогтерінің кемінде үш жылда бір рет сақтамауы	елеулі
22	Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың жұмысқа орналасуын растайтын құжаттардың бар болуы	елеулі
23	Ұзақтығы күніне кемінде 42 және кемінде 60 академиялық сағат, тренинг нысанында кемінде 3 академиялық сағат сәйкес жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының болуы	елеулі
24	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыруды растайтын құжаттардың болуы	елеулі
25	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында сертификат беруді есепке алу журналында сертификат беру және оларды тіркеу есебін жүргізу	елеусіз

26	"Келу кестесін" қалыптастырудың бір күндік мерзімін сақтау, бала асырап алуға кандидаттардың республикалық деректер банкінде танысу не болмауы фактілерін, екі апталық қарым-қатынасын растау	өрескел
27	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормаларының сақталуын растайтын құжаттардың болуы	елеулі

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарды күтіп-бағу үшін арнайы жағдайлардың сақталуы	өрескел
2	Кәмелетке толмағандардың жасына және жынысына қарай жатын корпустарын міндетті түрде оқшаулау шартымен бөлек топтарда орналастыру нормаларының сақталуы	өрескел
3	Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болу мерзімінің сақталуы	өрескел
4	Арнаулы білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін кәмелетке толғандарды киім-кешекпен, аяқ киіммен және жұмсақ инвентарьмен қамтамасыз ету нормаларының сақталуы	елеулі
	Кәмелетке толмағанның мінездемесі мен жеке профилактика шараларын жүргізу қажеттілігі туралы ұсынымдарды қоса бере отырып, оны шығару туралы тұрғылықты жері	

5	бойынша Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларды хабарлау мерзімінің сақталуы	елеулі
6	Арнайы білім беру ұйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында оларды ұстауға және оқытуға кедергі келтіретін аурулары бар кәмелетке толмағандардың болуы	елеулі
7	Кәмелетке толмағандарды девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан шығаруға қойылатын негіздердің сақталуы	елеулі
8	Педагогтердің біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет сақтамауы	елеулі
9	Педагогтердің тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдарды білім беру ұйымдарына жұмысқа жіберу фактісінің болуы	елеулі
10	Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыруды (растауды) кемінде бес жылда бір рет сақтамауы	елеулі
11	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болуы (оңалту және емдеу, білім беру, мәдени іс-шаралар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына, тұрмыстық бағдарлану негіздеріне, киім, аяқ киім және жұмсақ мүкәммал беруге, көлік қызметтерін көрсетуге арналған жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықпен жарақтандырылған тұру орнының, үй-жайлардың болуы; тәрбиеленушілердің ақыл-ой, эмоционалдық, рухани және дене бітімінің дамуына ықпал ететін, отбасына	елеулі

	жақындатылған қолайлы жағдайларды ұсына отырып, қажетті жабдықтармен кәсіби өзін-өзі анықтау және шығармашылық еңбек үшін жағдай жасау)	
12	Медициналық-әлеуметтік тексеруді ұйымдастыру және жүргізу; денсаулық жағдайын ескере отырып, күтімді қамтамасыз ету; консультациялық көмек көрсету, әлеуметтік-медициналық сипаттағы профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізу	елеулі
13	Кәмелетке толмағандардың деректерін республикалық деректер банкіне уақтылы енгізу (кәмелетке толмағанды қабылдаған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей)	өрескел
14	Кәмелетке толмағандарды ұйымның арнаулы және ерекше режимде ұстайтын ұйымдарынан кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға шығару туралы хаттың (хабарламаның), сондай-ақ кәмелетке толмағандарға мінездеменің және одан әрі онымен жеке профилактика шараларын жүргізу және оған еңбекке және тұрмыстық орналасуға жәрдем көрсету қажеттілігі туралы ұсынымның болуы	елеулі
15	Ішкі істер органдарын көрсетілген мекеменің орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша олардың өз бетінше кету және оларды іздестіру мен қайтару бойынша тікелей қатысу фактілері туралы хабардар ету	өрескел
	Кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымына қабылдауға және ерекше режимде ұстауға қойылатын талаптарды сақтау (кәмелетке толмағанды жіберу туралы сот шешімінің, туу туралы куәліктің (жеке куәліктің), білім	

16	алушының жеке ісінің, Денсаулық сақтау саласындағы құжаттаманың, отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісінің, оқу орнынан мінездеменің, әскерге шақыру жасындағы адамдарға арналған тіркеу куәлігінің және тағы басқаның болуы)	өрескел
17	Педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын орындауы (педагог атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермейді, өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды, еңбек тәртібін сақтайды, қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді, өзінің педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады), (өтініштер болған кезде тексеріледі)	елеулі
18	Тәрбие-білім беру процесінде кәмелетке толмағандардың өмірін, денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету (бейнебақылау, құлақтандыру жүйелерінің, дабыл берудің мобильді және/немесе стационарлық құралының (дабыл түймесі), кіруді бақылау мен басқарудың (турникеттер), объектілерді қоршаудың, күзет қызметтерін көрсету туралы шарттың, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық нұсқаулықтың, көлік құралдарының жылдамдығын төмендету құралдарының болуы соқтығысу қаупін болдырмау мақсатында)	елеулі
19	Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және олардың қызметін растайтын алқалы органдар (педагогикалық, қамқоршылық кеңестер) отырыстарының хаттамаларының болуы	елеулі

Баланың құқықтарын қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін

Орта білім беру ұйымдарының талаптарды бұзу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Балаларды мемлекеттік білім беру мекемесінен тегін жалпы орта білім алғанға дейін оқудан шығару тәртібінің сақталуын растайтын құжаттардың бар болуы	елеуліс
2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына кепілдік берілетінін растайтын құжаттардың бар болуы	елеулі
3	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты есепке алу жөніндегі жауапты тұлғаны бекіту туралы бірінші басшының шешімінің болуы, қаржылық және материалдық көмек алуға өтініштерді тіркеу журналының болуы, қаражатты мақсатты пайдалану туралы растайтын құжаттардың болуы (сатып алынған тауарлардың атауын көрсете отырып, шығыстар туралы растайтын құжат), мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету, қаржылық және материалдық көмек алуға өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру қорытындысы	елеулі
4	Тұрғылықты (мекендеу) орны бойынша тіркеудің бар-жоғына қарамастан (тұрақты немесе уақытша) мекендейтін немесе білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумаққа келетін 0 жастан 18 жасқа (олар орта білім алғанға дейін) дейінгі балаларды	елеуліс

	есепке алудың жүргізілетінін растайтын құжаттардың бар болуы	
5	Жалпы білім беретін оқу орындарына дәлелсіз себептермен бармайтын кәмелетке толмағандарды есепке алудың жүргізілетінін, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық шаралардың жүзеге асырылатынын растайтын құжаттардың бар болуы	елеулі
6	Орта білім беру ұйымынан шыққан білім алушының одан әрі оқуын растайтын құжаттардың бар болуы	елеуліс
7	Қатаң есептіліктегі құжаттарды жүргізу бойынша талаптарды сақтау: білім алушылардың жеке істері (қағаз немесе электрондық Word немесе pdf форматында); білім алушылардың қозғалысы бойынша бұйрықтарды тіркеу кітабы, білім алушылардың әліпбилік жазу кітабы; шығып қалған білім алушыларды есепке алу кітабы; келген білім алушыларды есепке алу кітабы	елеулі
8	Республикалық бюджет туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілерге ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес материалдық көмектің белгіленген мөлшерін сақтау	елеулі
9	Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларын және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепте бір рет	өрескел

	тамақтандыру нормаларын ескере отырып, бекітілген күнделікті мәзірдің болуы	
10	Интернет-ресурста "Мектептік тамақтандыру" айдарының болуы (білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты жүйелі орналастыру (перспективалық, тағам суреті қосымшасымен күн сайынғы ас мәзірі, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық сараптамалық топтардың актілері)	елеулі
11	Тамақтану сапасының мониторингі бойынша комиссия құрылғанын растайтын құжаттардың болуы	елеулі
12	Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның қызметін растайтын құжаттардың болуы: келіп түсетін азық-түлік өнімдерінің сапасына мониторинг жүргізу, отандық тауар өндірушілердің азық-түлік өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуы, дайындалған тағамдардың сапасы, Технологиялық жабдықтардың болуы және жарамдылығы, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарын сақтау, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективті ас мәзіріне, асхананың санитарлық жағдайына сәйкес келуі	елеулі
13	Тамақтану сапасының мониторингі бойынша комиссия жұмысының қорытындыларының болуы, оларды білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарау, орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру	елеулі
	Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтердің жұмысын растайтын құжаттардың	

14	болуы (педагог-психологтың жұмыс жоспары, психологиялық қызметтің топтық және жеке жұмысын есепке алу журналы және басқалар)	елеулі
15	Білім алушыларға, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға нақты психологиялық проблемаларды шешуде көмек көрсетілгенін растайтын құжаттардың болуы (консультацияларды есепке алу журналы және басқалар)	елеулі
16	Білім алушыларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі, қорқытудың (буллингтің), суицидтің, құқық бұзушылықтың және қатыгездіктің алдын алу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыратын әлеуметтік педагогтердің, педагог-психологтардың қызметін бақылау, тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі растайтын құжаттардың болуы және басқалар	елеулі
17	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін олардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау (үй-жайлардың болуы, білім беру және түзету міндеттерін іске асыру үшін жиһазбен және (немесе) арнайы жабдықпен жарактандыру)	елеулі
18	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі құжаттарының болуы	елеулі
19	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымын ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасының болуы	елеулі
20	Жеке дамыту және түзету-дамыту сабақтарының бекітілген кестесі мен жоспарларының болуы	елеулі

21	Интернаттық білім беру ұйымдары тәрбиеленушілері мен білім алушылардың тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болуы (оңалту және емдеу, білім беру, мәдени іс-шаралар, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына, тұрмыстық бағдарлану негіздеріне, киім, аяқ киім және жұмсақ мүкәммал беруге, көлік қызметтерін көрсетуге арналған жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықпен жаратандырылған тұру орнының, үй-жайлардың болуы; тәрбиеленушілердің ақыл-ой, эмоционалдық, рухани және дене бітімінің дамуына ықпал ететін, қажетті жабдықтармен кәсіби өзін-өзі анықтау және шығармашылық еңбек үшін жағдай жасау)	өрескел
